

Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 8 сәуірдегі N 76 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Қаратал ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 13 мамырда N 2-12-106 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 01 сәуірдегі N 46 қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2010.04.01 N 46 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 1-бабы 1-тармағының 8-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3-тармағына, 20-бабының 1-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі N 779 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығы негізінде Қаратал ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бастөбе ауылы, С. Юн көшесі, N 22 үй мекен-жайындағы шақыру учаскесінде Қаратал аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі арқылы он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтардың кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізу 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1 қосымшаға сай құрамда қ ұ р ы л с ы н .

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 және 3 қосымшаларға сай бекітілсін.

4. Қала мен ауылдық округтердің әкімдері 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру кезеңінде әскер қатарына шақырылғандарды олардың шақыру учаскесіне шақырылғаны туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

5. "Қаратал ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (М. Қорғанбаев, келісім бойынша), Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі мемлекеттік мекемесінің көліктегі "Оңтүстік – Шығыс ішкі істер департаменті Үштөбе станциясындағы желілік ішкі істер бөлімі" бастығына (Т. Данабеков, келісім бойынша) әскерге шақырылғандарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шығарып салу кезеңінде шақыру учаскесінде және Үштөбе темір жол станциясында қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету, әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру, Қаратал аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне оларға қатысты анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілер туралы х а б а р л а у ұ с ы н ы л с ы н .

6. Осы қаулының жүзеге асуын бақылау аудан әкімінің орынбасары К. Е с т і б а е в а ғ а жү к т е л с і н .

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім: Қ. Медеуов

Аудан әкімдігінің 2009 жылдың
8 сәуіріндегі N 76 "Қазақстан
Республикасының азаматтарын 2009
жылдың сәуір-маусымында және қазан-
желтоқсанында кезекті мерзімді
әскери қызметке шақырылуын
жүргізуді ұйымдастырып,
қамтамасыз ету туралы"
қаулысына 1 қосымша

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Ғалымжан Жантурин:	Қуанышбайұлы	Қаратал ауданының қорғаныс істері жөніндегі комиссия төрағасы	бөлімінің бастығы,
Бағлан Берлінбаев:	Қанапияұлы	Аудан әкімі аппаратының әскери жұмылдырушылық жұмыстар, әскери дайындық, азаматтық және төтенше жағдайлар	әскери бастауыш қорғаныс жөніндегі

	бас маманы, комиссия төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері:	
Талап Мелсұлы Омаров:	Аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары
Нұрғожа Майлыбайұлы Мұсапіров:	Аудандық аурухана дәрігері, медициналық комиссия төрағасы
Ғалия Садыққызы Демеуова:	Аудандық аурухана медбикесі, комиссия хатшысы

Аудан әкімдігінің 2009 жылдың 8 сәуіріндегі N 76 "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы" қаулысына 2 қосымша

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу

Кестесі

N p /с	Ауылдық округтердің атауы	Шақырылғандар саны	сәуір				мамыр			
			8	10	14	15	5	12	13	14
1	Үштөбе	85	50		35					
2	Балпық	32		32						
3	Бастөбе	38					38			
4	Елтай	9		9						
5	Ескелді	25					25			
6	Қабакты	15			15					
7	Қарашеңгел	12						12		
8	Қызылбалық	9	8	9						
9	Айту би	15					15			
10	Тастөбе	10					10			
	Жиынтығы	250	50	50	50		50	50		

Аудан әкімдігінің 2009 жылдың 8 сәуіріндегі N 76 "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді

әскери
жүргізуді
қамтамасыз
қаулысына 3 қосымша

қызметке
ету

шақырылуын
ұйымдастырып,
туралы "

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу

Кестесі

N p /с	Ауылдық округтердің атауы	Шақырылғандар саны	Қазан														
			5	6	7	8	9	12	13	14	15	16	19	20	21	22	
1	Үштөбе	285	50		50			50				35				50	50
2	Балпық	52		30		22											
3	Бастөбе	38				18				20							
4	Елтай	32						32									
5	Ескелді	52				10				20	3	15	4				
6	Қанбақты	51								10			41				
7	Қарашеңгел	50						18			7			25			
8	Қызылбалық	25		20							5						
9	Айту би	53									35		5	13			
10	Тастөбе	62												12	50		
	Жиынтығы	700	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50	50

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК